

Астанададан шабыттанып келді

Өскемендегі облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында Астана қаласында өткен Жастар қанатының кезекті IV Съезіне қатысқан жерлестерімізбен кездесу өтті.



«Биылғы съезге еліміздің барлық өңірінен 1500-ден аса делегат пен қонақтар қатысыпты. Олардың арасында шығысқазақстандық жастар да бар. Шараға қатысушылар ғылым, білім, инновация, кәсіпкерлікті дамыту, цифрландыру және саламатты ұлт қалыптастыру туралы өзекті мәселелер мен Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы басым бағыттарды жүзеге асыру барысын кеңінен талқылаған көрінеді. Кездесуде «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» жастар қанаты облыстық филиалының төрайымы Маржан Бақыт бастаған шығысқазақстандық жастар басқосудан алған әсерлерімен бөлісті. Сондай-ақ «Елім – тірегім, Жерім – жүрегім» деп ұрандатқан жас отандықтар кездесуде өздерінің алға қойған болашақ жоспарларымен бөлісті. Кездесу соңында жасотандықтар кітапхана жастарына ізгі тілектерін айтып, виртуалды көзілдірік сыйға тартты.

Мейрам Екпін